

## 1-БЛОК: Биология-География

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. Тамыр бөліміне кірмейді

- A) Бөліну
- B) Өткізу
- C) Өсу
- D) Сору
- E) Тамыр оймақшасы

2. Беде өсімдігінің жапырағы

- A) Доғалы күрделі
- B) Үш құлақты күрделі
- C) Жұп қауырсын
- D) Параллель күрделі
- E) Тақ қауырсын тәрізді

3. Қосжарнақтыларға жатады

- A) Күнбағыс
- B) Пияз
- C) Жүгері
- D) Арпа
- E) Бидай

4. Түрін өзгерткен шырынды, қысқарған жер асты өркен

- A) қысқарған сабақ
- B) түбіртек
- C) тамырсабақ
- D) пиязшық
- E) түйнек

5. Хромопластары бар өсімдіктің бөлігі

- A) Түйнекте
- B) Сәбіздің жемтамырында
- C) Жапырақта
- D) Сабақта
- E) Пиязшықта

6. Сфагнум мүгінің ақ түсті болуы

- A) тірі жасушалардың болуынан
- B) жасуша пластидтерінде ерекше заттардың болуынан
- C) өлі жасушаларының іші ауаға толы болуынан
- D) жапырақ бетінде балауызды жабынының болуынан
- E) хлорофилді жасушалардың болуынан

7. Дән тәрізді хроматофорлары жасуша қабықшасына жақын орналасатын балдыр

- A) көп жасушалы жасыл балдыр
- B) қоңыр балдыр
- C) жасыл балдыр
- D) қызыл балдыр
- E) бір жасушалы балдыр

8. Спорангийлердің жиынтығы

- A) сорус
- B) қабық
- C) зигота
- D) циста
- E) спора

9. Күлтесінің құрылысында өзгешелік болатын тұқымдас

- A) астық
- B) бұршақ
- C) лалагүл
- D) алабота
- E) алқа

10. Халқымыз «екінші нан» деп атайды

- A) күрішті
- B) жүгеріні
- C) бидайды
- D) сұлыны
- E) картопты

11. Жел арқылы айқас тозаңданатын өсімдік

- A) құлмақ
- B) жалбыз
- C) қоға
- D) қамыс
- E) қияқ

12. Тері күйгенде көрсетілетін алғашқы жәрдем

- A) жылытатын сусындар ішкізу керек
- B) салқын сумен шайып, марганцовканың әлсіз ерітіндісімен сүрту керек
- C) жылы затпен орап тастау керек
- D) маңдайына салқын орамал қою керек
- E) қармен ысқылау керек

13. Парасимпатикалық бөлім іс-әрекеті

- A) көз қарашығының ұлғаюына әсер етеді
- B) жүректің жиырылу мөлшерін арттырады
- C) жылу беруді төмендетеді
- D) аскорыту мүшелерінің іс-әрекетін тежейді
- E) жылу беруді жоғарылатады

14. Жалпақ сүйектерге жатады

- A) Білезік
- B) Омыртқа
- C) Жауырын
- D) Жілік
- E) Алақан сүйектер

15. Қысқа сүйек

- A) Қабырға
- B) Бас сүйек
- C) Жамбас
- D) Ортан жілік
- E) Білезік

16. Білектегі сүйек

- A) асықты жілік
- B) кәрі жілік
- C) ортан жілік
- D) толарсақ
- E) бұғана сүйек

17. Қан қысымының 70-80 мм сын.бағ.дейін төмендеуі

- A) Гипотония
- B) Гемофилия
- C) Гипертония
- D) Гиподинамия
- E) Гиперфункция

18. Микробтарды ерітетін обыр жасушалар

- A) нейрон
- B) тромбоциттер
- C) эритроциттер
- D) жұмыртқа жасуша
- E) фагоциттер

19. Қотыр кене тарататын тері ауруы

- A) теміреткі
- B) қызылша
- C) цистит
- D) күйік
- E) қотыр

20. Адамның бір тәулікте бөлетін жалпы жылуы

- A) 13500 Дж
- B) 1800 Дж
- C) 12500 Дж
- D) 1450 Дж
- E) 1500 Дж

21. Аналық жыныс мүшелерінің ауруларын емдейтін дәрігер

- A) гинеколог
- B) уролог
- C) невролог
- D) кардиолог
- E) окулист

22. Нәруыздың ыдырауы басталады

- A) Асқазанда
- B) Аш ішекте
- C) Бауырда
- D) Ауыз қуысында
- E) Тоқ ішекте

23. Хромосомалар экваторға жинақталады

- A) интерфазада
- B) телофазада
- C) профазада
- D) метафазада
- E) анафазада

24. Хромосоманың бір бөлігінің оған ұқсас емес басқа бір хромосомамен ауысып кетуі

- A) Дупликация
- B) Инверсия
- C) Дефишенсия
- D) Делеция
- E) Транслокация

25. Гомологтық мүшелер

- A) көбелек пен жарғанаттың қанаттары
- B) сүтқоректілердің тістері акула қабыршағына ұқсас
- C) көбелек пен құстың қанаттары
- D) көртышқан мен бұзаубастың аяқтары
- E) кактус пен итмұрынның тікенектері

26. Жер бетіндегі биіктікті өлшейтін құрал

- A) өлшеуіш аша
- B) тұсбағар
- C) деңгейлегіш
- D) термометр
- E) транспортир

27. Жер сілкінуде дүмпудің жер бетіне шығатын жері

- A) жер сілкіну ошағы
- B) жер қыртысы
- C) эпицентр
- D) мантия
- E) ядро

28.  $1\text{ м}^3$  ауадағы су буының нақты мөлшері

- A) салыстырмалы ылғалдылық
- B) абсолюттік ылғалдылық
- C) қар мен мұздық
- D) буланушылық
- E) конденсация

29. Тірі ағзалардың басты ерекшелігі

- A) тіршілікке икемділігі
- B) үлкен тереңдікке таралуы
- C) жылдам таралғыштығы
- D) жоғары температураға төзімділігі
- E) көбейгіштігі

30. Атмосфералық қысымды өлшейтін құрал

- A) Миллиметр
- B) Термометр
- C) Гигрометр
- D) Барометр
- E) Миллибар

31. «Сьерра» сөзінің испан тілінен аударғандағы мағынасы
- A) Тау
  - B) Шың
  - C) Ара
  - D) Тіс
  - E) Үшкір
32. Эвкалипт ағашының бұтақтарында тіршілік ететін аң
- A) тиін
  - B) горилла
  - C) кенгуру
  - D) қалталы аю-коала
  - E) маймыл
33. Еуразияның шығыс шеткі нүктесі
- A) Челюскин
  - B) Игольный
  - C) Дежнев
  - D) Пиай
  - E) Рока
34. Қазақстанның негізгі табиғи газ қоры шоғырланған жер
- A) Шымкент
  - B) Қарағанды
  - C) Ақтөбе
  - D) Маңғыстау түбегі
  - E) Павлодар
35. Картографиялық бағыт ұстанған
- A) Эратосфен
  - B) Геродот
  - C) Махмуд Қашғари
  - D) Птолемей
  - E) Страбон
36. Арал теңізін 1900-1903 жылдары зерттеген ғалым
- A) Н. Северцев
  - B) П.П Семенов-Тяньшанский
  - C) И. Мушкетов
  - D) Л. Берг
  - E) Ш. Уәлиханов

37. Қазақстанның «Қызыл кітабы» жарыққа шыққан жыл
- A) 1982
  - B) 1980
  - C) 1979
  - D) 1978
  - E) 1981
38. «Алтын тамыр» дәрілік өсімдіктер өсетін қорық
- A) Қорғалжын
  - B) Марқакөл
  - C) Алакөл
  - D) Үстірт
  - E) Наурызым
39. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болған жыл
- A) 1992 ж.
  - B) 2000 ж.
  - C) 1986 ж.
  - D) 1999 ж.
  - E) 1991ж.
40. Қазақстанның пайдалы қазбаларының экономикалық тұрғыдан басымдылығы
- A) барлық пайдалы қазбалардың орталықта орналасуы
  - B) кенді емес түрлердің басымдығы
  - C) жазықты аймақтарға шоғырлануы
  - D) олардың тау бөктерінде болуы
  - E) жер бетіне жақын және қолайлы кешенді түрде игерілуі
41. Жер көлемі жөнінен Қазақстан дүние жүзінде
- A) 8-ші орында
  - B) 5-ші орында
  - C) 6-шы орында
  - D) 7-ші орынша
  - E) 9-шы орында
42. Батыс Қазақстандағы қара металлургия орталығы
- A) Маңғыстау алабы
  - B) Үстірт
  - C) Бозащы түбегі
  - D) Ембі алабы
  - E) Кемпірсай

43. Батыс Қазақстан өнеркәсібінің дамыған салалары

- A) Отын- энергетикалық кешен, қара металлургия
- B) Қара металлургия, химия
- C) Мұнай- газ, металлургия
- D) Химия, құрылыс материалдар өндірісі
- E) Мұнай- газ, химия

44. Солтүстік Қазақстанда дамыған машина жасаудың түрі

- A) ұшақ жасау
- B) автомобиль
- C) тау- кен шахта
- D) ауыл шаруашылық
- E) кеме жасау

45. Дүние жүзінің саяси картасындағы заңдылықтар мен өзгерістерді зерттейді

- A) Әлеуметтік география
- B) Рекреациялық география
- C) Физикалық география
- D) Саяси география
- E) Экономикалық география

46. Швейцария елінің айрықша маманданған саласы

- A) тоқыма өнеркәсібі
- B) жеңіл өнеркәсібі
- C) тамақ өнеркәсібі
- D) кен өндірісі
- E) сағат өндірісіне қажетті станок өндірісі

47. Латын Америкасындағы федерациялы мемлекеттер

- A) Дания, Норвегия, Кувейт
- B) Люксембург, Үндістан, Мексика
- C) Аргентина, Бразилия, Венесуэла
- D) Жапония, Германия, Австрия
- E) Лесото, Мексика, Монако

48. Жапонияның маманданған саласы:

- A) автомобиль жасау, кеме жасау
- B) түсті металлургия
- C) өзен кемелерін жасау
- D) уран өнеркәсібі
- E) тау-кен



49. Өзбекстанда өсірілетін басты дақыл

- A) Мақта
- B) Күнбағыс
- C) Жүгері
- D) Картоп
- E) Көкөніс - бақша

50. Жетекші дамушы елдер қатарына жататын азиялық алыптар

- A) Израиль, Катар
- B) Иран, Ирак
- C) Кувейт, Сауд Арабиясы
- D) Қытай, Үндістан
- E) Үндістан, Оман

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Шірітуші бактериялар

- A) жануарлар өлекселері мен өсімдіктер қалдықтарында мекендейтін бактериялар
- B) фотосинтез процесі нәтижесінде қоректенетін бактериялар
- C) тірі ағзалардың жасушаларымен қоректенетін бактериялар
- D) өлі ағзалардың денесіндегі органикалық заттармен қоректенетін бактериялар
- E) паразит бактериялар
- F) сапрофитті бактериялар
- G) организм қалдықтарындағы органикалық заттарды бейорганикалық заттарға айналдырушылар
- H) цианобактериялар

52. Толық түрленіп дамиды

- A) Таракан
- B) Шегіртке
- C) Инелік
- D) Бұзаубас
- E) Дәуіт
- F) Маса

53.

Балықтардың терісінде болатын ерекше сезім мүшесі

- A) Көз
- B) Танау тесігі
- C) Ми
- D) Бүйір қанаты
- E) Бүйір сызығы
- F) Торсылдақ

54. Ішкі мүшелер, тамырлар қабырғасын құрайтын бұлшықеттер

- A) Құрсақ
- B) Бірыңғай салалы
- C) Көлденең жолақты
- D) Миокард
- E) Диафрагма
- F) Көлденең жолақты жүрек

55. Екі жұп қарама-қарсы белгілерді будандастыру.

- A) дигибридті
- B) тригибридті
- C) гетерозиготалы
- D) полигибридті
- E) гомозиготалы
- F) моногибридті

56. Ежелгі платформа

- A) Тұран
- B) Батыс Сібір
- C) Шығыс Еуропа
- D) Батыс Еуропа
- E) Арабия
- F) Канада

57. Шөл зонасы жалпы республика аумағының

- A) 55%
- B) 29%
- C) 35%
- D) 40%
- E) 44%
- F) 50%

58. Қазақстандағы газбен жұмыс істейтін ең ірі МАЭС

- A) Атырау
- B) Шымкент
- C) Қарағанды
- D) Ақтау
- E) Жамбыл
- F) Қызылорда

59. Африкадағы ең ірі бөгендер

- A) Кариба
- B) Нигара
- C) Насер
- D) Конго
- E) Инга
- F) Кабора - Басса
- G) Гобон
- H) Асуан

60. Африканың екі мұхитқа шығатын мемлекеті:

- A) Алжир
- B) Уад
- C) Сомали
- D) Замбия
- E) Египет
- F) Кения
- G) Нигер
- H) Марокко

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

1820 жылы Австралия дәрігері Крамер белгісіз аурудың әсерінен адамның тістерінің еті қанталап, түбі босап, тіс түсіп және оңай жарақаттанғыш келетінін, тері экземасы пайда болатынын, организмнің жұмысқа деген қабілеті кеміп, тез шаршайтынын кезінде жазып сипаттаған еді. Бұл аурумен, әсіресе теңізшілер, жауынгерлер, жиһанкездер ұзақ сапарға шыққанда жиі ауырады екен.

XVI ғасырдың басында атақты Христофор Колум Жаңа жерге бара жатқан сапарында белгісіз аурумен ауырып, хал үстінде жатқан бірнеше теңізшісін кездескен бір аралда қалдырып кетеді. Бірнеше айдан кейін қайтып оралып келе жатқанда жаңағы «адам болмас» деп, күдер үзіп қалдырып кеткен жолдастарының дендері сау, күліп-ойнап алдарынан шыққанда таңғалып, тамашаласқан екен. Сұрай келе олардың жаңағы аралда жеуге жарайтын түрлі жас өсімдіктер мен олардың жеміс-жидектерін жеп айыққандары мәлім болды.

61. Витаминнің физиологиялық рөлі

- A) Көмірсу, май, нәруыздың зат алмасуы
- B) Ұрықтың және баланың дамуы
- C) Аминқышқылдарын түзуге қатысады
- D) Тотығу - тотықсыздану реакциясының өтуі
- E) Клетканың тыныс алуына

62. Бұл аурудың аты

- A) Ақшам соқыр
- B) Қаназдық
- C) Мешел
- D) Бери-бери
- E) Құркұлақ

63. С витамині жылдың қай мезгілінде жеткіліксіз

- A) Қыста және көктемде
- B) Күзде және көктемде
- C) Жазда және көктемде
- D) Көктемде және жазда
- E) Қыста және күзде

64. С витаминін

- A) Токоферол
- B) Рибофлавин
- C) Аскорбин қышқылы
- D) Ретинол
- E) Кальциферол

65. С витамині үлессалмағы жоғары жеміс

- A) Жержаңғақ
- B) Сұлы
- C) Лаим
- D) Киви
- E) Өрік

## Мәнмәтіндік тапсырмалар

### 2-мәнмәтін

#### Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі-орман өндірісі кешенінің бір бөлігі. Оның басқа тармағына орман шаруашылығы жатады. Бұл жеткілікті шикізат базасы жоқ Қазақстандағы бірден-бір өнеркәсіп.

Статистикалық материалдарды пайдалана отырып, еліміздің аумағы мен оның жеке бөліктерінің ормандылық көрсеткішін анықтаймыз.

Аумақтың «ормандылық көрсеткішін» (О) анықтау үшін орман аумағының ( $A_1$ ) жалпы аудан аумағына ( $A_2$ ) пайызбен алғандағы қатынасын есептейміз.

| № | Қазақстан аумақтары | Жалпы жер аумағы, млн га | Орман аумағы, млн га | Орман-дылық (%) |
|---|---------------------|--------------------------|----------------------|-----------------|
| 1 | Солтүстік           | 56,6                     | 1,8                  |                 |
| 2 | Батыс               | 70,5                     | 0,3                  |                 |
| 3 | Оңтүстік            | 70,1                     | 8,6                  |                 |
| 4 | Шығыс               | 28,3                     | 1,8                  |                 |
| 5 | Орталық             | 35,6                     | 0,1                  |                 |

66. Шығыс Қазақстандағы орман шаруашылығының жоғарыда келтірілген мәліметтердің көмегімен пайыздық үлесін анықтаңыз

- A) 10 %
- B) 3,2 %
- C) 3,5 %
- D) 6,4 %
- E) 7 %

67. Солтүстік Қазақстандағы орман шаруашылығының жоғарыда келтірілген мәліметтердің көмегімен пайыздық үлесін анықтаңыз

- A) 2,8%
- B) 4,3%
- C) 1,3%
- D) 3,1%
- E) 6%

68. Орталық Қазақстандағы орман шаруашылығының жоғарыда келтірілген мәліметтердің көмегімен пайыздық үлесін анықтаңыз

- A) 0,2 %
- B) 3,7 %
- C) 4 %
- D) 2,3 %
- E) 1,2 %

69. Батыс Қазақстандағы орман шаруашылығының жоғарыда келтірілген мәліметтердің көмегімен пайыздық үлесін анықтаңыз

- A) 2,5 %
- B) 4 %
- C) 0,4 %
- D) 1,5 %
- E) 2 %

70. Оңтүстік Қазақстандағы орман шаруашылығының жоғарыда келтірілген мәліметтердің көмегімен пайыздық үлесін анықтаңыз

- A) 12,3%
- B) 15,2%
- C) 10%
- D) 17,2%
- E) 14,5%

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**